

Түлектер / выпускники

1		Лысенко Степан Владимирович ААҚ «РТ Лабс» бас директорының ұйымдық даму және персоналды басқару жөніндегі орынбасары (ААҚ «Ростелеком» еншілес компаниясы). С.В.Лысенко 2002 жылы Тараз мемлекеттік университетін «Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерін стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша үздік бітірген. Еңбек жолын ФУДП «Дзержинский аэрогеодезиялық орталығының» инженері лауазымында бастады. 2004 жылдан бастап ААҚ «Жалпы машина жасау ғылыми-зерттеу кәсіпорны» сапаны басқару бюросының бастығы болып жұмыс істеді. 2005 жылдан бастап ААҚ «Ростелекомда» ұйымдастырушылықты даму және персоналды басқару мәселелерімен айналысты, кадрлар бөлімінің бас маманы, ұйымдастырушылықты дамыту бөлімінің бастығы, корпоративтік орталықтың ұйымдастырушылықты дамыту департаментінің директоры, ЖҚБ «Орталық» директорының орынбасары-ұйымдастырушылықты дамыту және персоналды басқару жөніндегі директор лауазымдарын атқарды.
2		Мыңбаев Асқар Құрманұлы РМК "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты" Жамбыл филиалының директоры. А.Қ.Мыңбаев 2017 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін 6М073200-"Стандарттау және сертификаттау" (магистратура) мамандығы бойынша үздік бітірген.
3		

		Күсепов Мақсат Көшеналыұлы АҚ «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» Жамбыл филиалы директорының. Күсепов М.К. 2005 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерін стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша бітірген.
4		Әбдіқадыров Айдар Қайнарұлы 1999-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің жеңіл және тоқыма өнеркәсібі факультетінде "Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерді стандарттау және сертификаттау" мамандығы бойынша оқыған, "Стандарттау және сертификаттау жөніндегі инженер" біліктілігін алған. Бүгінгі таңда Нұр-сұлтан қаласында "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Өңірлік даму департаменті директорының орынбасары лауазымында еңбек етеді. Департамент директорының орынбасары ретінде өңірлерді дамыту, Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің өсуі мен одан әрі дамуы үшін институционалдық негізді қалыптастыру мәселелеріне жетекшілік етеді.

5		Кәрім Еркебұлан Әбілқасымұлы 2004-2008 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін 050732-"Стандарттау, метрология және сертификаттау" мамандығы бойынша бакалавриатты, 2014 жылы 6М075000-"Метрология" мамандығы бойынша магистратураны бітірген. Қазіргі уақытта РМК «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Жамбыл филиалының бас маманы қызметін атқарады.
6		Амзекулов Алмаз Момынханұлы 1999-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің жеңіл және тоқыма өнеркәсібі факультетінде "Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерді стандарттау және сертификаттау" мамандығы бойынша білім алған. Қазіргі уақытта АҚ "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" Жамбыл филиалында метрология бөлімінің жылу техникалық өлшеу құралдары секторының меңгерушісі болып жұмыс істейді.

7		Оразгельдиева Сауле Дильдабековна 1999-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің жеңіл және тоқыма өнеркәсібі факультетінде "Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерді стандарттау және сертификаттау" мамандығы бойынша білім алған. Қазіргі уақытта ҚР ҰКП Жамбыл облысы бойынша тауардың шығу тегін сертификаттау жөніндегі бас маманы болып жұмыс істейді.
8		Шилеева Гульгаз Аслановна 1999-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің жеңіл және тоқыма өнеркәсібі факультетінде "Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерді стандарттау және сертификаттау" мамандығы бойынша білім алған. 2004-2006 жж. М.Х.Дулати атындағы Тарму магистратурасын аяқтаған, біліктілігі - «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандығы бойынша техника және технология магистрі. Қазіргі уақытта Метрология және аналитикалық құралдар бөлімінің ұйымдастыру-техникалық диагностика қызметтері ИТО филиалында метрология инженері болып жұмыс істейді.

9			Сансызбаева Айдана Қайратқызы "Business Expert KZ" ЖШС СМ СРО (менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау жөніндегі орган) менеджмент жүйесі бойынша сарапшы-аудитор, Алматы қ. 2010-2014 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің технологиялық факультетінде 5B073200-"Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы бойынша (бакалавриат), ал 2014-2016 жылдары сол университетте 6M073200-"Стандарттау және сертификаттау" (магистратура) бітірген.
10			Мұратбекқызы Ақбота АҚ «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» Жамбыл филиалының менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау бөлімінің жетекші маманы. Мұратбекқызы А. 2010-2014 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің технологиялық факультетінде 5B073200-"Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы бойынша (бакалавриат), ал 2014-2016 жылдары сол университетте 6M073200-"Стандарттау және сертификаттау" (магистратура) бітірген.

11			Маралбай Маржан Серікқызы ЖІПС «Жамбыл Стандарт» жетекші маманы. Маралбай М.С. 2014-2018 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің технологиялық факультетінде 5В073200-"Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы бойынша (бакалавриат), ал 2018-2020 жылдары осы университеттің 6М073200-"Стандарттау және сертификаттау" (магистратура) мамандығын бітірген.
12			Науанбаева Жанар Ерланқызы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігінің бас сарапшысы. Науанбаева Ж.Е. 2010-2014 жылдары М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің технологиялық факультетінде 5В073200-"Стандарттау, сертификаттау және метрология" мамандығы бойынша білім алды, біліктілігі – Стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығы бойынша бакалавр.

13		Молдабекова Дидар Ержанқызы М.Х.Дулати атындағы ТарМУ түлегі, "Стандарттау, метрология және сертификаттау" мамандығы бойынша білім алған. Сапа менеджменті жүйесінің, экологиялық менеджменттің, энергетикалық менеджмент жүйесінің, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудитор. АҚ «Қазқұрылысжүйесі», НАО «К.И.Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ», АҚ «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз», АҚ «Ақпараттық-есептеу орталығы», АҚ «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы», ЖШС «Богатырь Транс» және басқа да көптеген компаниялармен жұмыс тәжірибесі бар.
14		Мылтыкбаева Айжан Паримбековна 2001-2006 жж. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін 160140-«Өнеркәсіп тауарларын және қызметтерді стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – сапа жөніндегі инженер. 2006-2010 жж. Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Министрлігіне қарасты «Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау» Комитетінің РМК ШЖҚ «Ұлттық сараптама орталығы» Тараз қаласы бойынша филиалының «Тағамдық өнімдерді зерттеу» зертханасында жұмыс жасаған. 2010 жылдан қазіргі уақытқа дейін аталған кәсіпорынның «Стандарттау, сертификаттау және метрология» бөлімінде инженер-метролог.

15		Қыстаубаева Айжан Әлімханқызы 1999-200 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін 160140-«Өнеркәсіптік тауарлар мен қызметтерді стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі - сапа жөніндегі инженер. 2004-2006 жж. М.Х.Дулати атындағы Тарму магистратурасын аяқтаған, біліктілігі - «Стандарттау, метрология және сертификаттау» мамандығы бойынша техника және технология магистрі. 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты «Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау» Комитетінің Жамбыл облысы бойынша РМК ШЖҚ "Ұлттық сараптама орталығы" филиалында маман болып жұмыс істейді.
16		Мелдебеков Руслан Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының басшысы 2005 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Өнеркәсіп тауарлары мен қызметтерін стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша бітірген.

17		Төлепберген Инабат Қайнарқызы АҚ «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» Жамбыл филиалының метрология бөлімінің 1 категория маманы. 2016-2000 жылдары М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Технологиялық факультетінде "5B073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша білім алған.
----	---	---